

БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

Біздің айналамыздағы ақпарат. Қауіпсіздік ережелері

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/83980/>

Қысқа мерзімді жоспар.

Сабақ №1 Мектеп: «№60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Күні:

Мұғалімнің аты-жөні: Есенғұл Салтанат Аманғалиқызы

Пәні: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (Информатика)

Сабақтың тақырыбы Біздің айналамыздағы ақпарат. Қауіпсіздік ережелері

Мақсаты: 3.1.1.1. енгізу (тінтуір, пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату;

3.1.2.1. компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру;

Сабақтың барысы

- Оқушылар! Сендер «Информатика» әлеміне саяхатқа аттанатын боласыңдар. Бұл тамаша әлем өте кең, сондықтан онда адасып кетуің де мүмкін. Сондықтан, мұндай қауіптен құтылу үшін осы әлемдегі жасайтын саяхатқа қажетті тәртіп ережелерін үйреніп алуларың қажет.

Енді бізді қоршаған тамаша әлемге қарап, жан-жағымызға зер салайық. Біз ақпаратты гүлдің иісін сезу, сіркіреп жауған жаңбыр тамшысын есту, күннің шыққанын көру сияқты әрекеттер арқылы аламыз. Оны кітап оқу, теледидар көру арқылы алу мүмкіндігіміз бар. Ал теледидардан көрген ертегіңді досыңа айтып беретін болсаң, онда сен досыңа ақпарат бересің. Ертегіні видеоманитофонға жазу арқылы бұл ақпаратты сақтай аласың.

Ақпарат – бұл қоршаған орта туралы мәлімет болса, ал ақпараттық мәдениет — бұл ақпарат көздерін (анықтамалармен, сөздіктермен, энциклопедиямен, ұшақ кестелерімен және теледидар бағдарламалары) қолдана білуді үйрену. Ақпараттық мәдениет — бұл дұрыс сөйлей білу, теледидарды орынды көре білу, компьютермен жұмыс тәртібін игеру және достарыңмен жақсы қарым-қатынаста болу сияқты әрекеттерді қамтиды.

Қауіпсіздік ережесі және компьютер сыныбында өзін-өзі ұстау ережесі.

1. Мұғалімнің рұқсатынсыз құрал – жабдықтарды орнынан қозғауға, сымдарға, розеткаларға, штепсельдің айырына, штекерге тиісуге тыйым салынады.
2. Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпқа кіруге және сыныптан шығуға болмайды.
3. ДК –де су киіммен және су қолмен жұмыс істеуге болмайды.
4. Корпусы мен сымдарының бүтіндігі бұзылған (ашық) ДК – де жұмыс істеуге тыйым салынады.
5. Үстелге, ДК- дің жанына сөмке, портфель, кітап қоюға болмайды. Үстелде тек дәптер мен қалам ғана жатуы керек.
6. Пернетақтаның үстіне ештеңе қоюға болмайды.
7. Компьютер сыныбында жүгіруге, ойнауға, жолдастарыңның көңілін қажетсіз аударуға, бөгде жұмыстарды істеуге тыйым салынады.

Компьютермен жұмыс кезінде қойылатын талаптар:

- Компьютермен жұмыс кезінде көз бен экранның арақашықтығын сақтау керек — 50 см;
- оқушылардың сыныпқа бөтен адам кіргенде орнынан тұруы шарт емес;
- көз ауырып немесе шаршаған кезде орнынан тұрмай, сергіту жаттығуларын жасауға болады.

Көз талғанда және шаршағанда жасалатын жаттығулар:

- көз қарасыңды оңға-солға, жоғары-төмен бұру;
- көзді сағат тілінің бағытымен және кері бұру;
- көзді қолмен жауып 1-1,5 минут отыру керек.
-

Жаңа сабақты бекіту

1-тапсырма. Көзге жаттығу жасату.

1-жаттығу.

- Көздеріңнің бұлшық етін қатайтып, Бастарыңды бұрмай, ОҢҒА қарап, көз тіккен нүктені белгілеңдер.
- Алысқа қадалып қарандар.

2-жаттығу.

- Бастарыңды бұрмай, СОЛҒА қарап, көз тіккен нүктені белгілеңдер.
- Алысқа қадалып қарандар.

3-жаттығу.

— Көздеріңді 20-30 секунд бойы жиі-жиі жыпылықтатыңдар.

2-тапсырма. Компьютер сыныбында қолданылатын ережелерді кестеге толтыр.

Болады

Болмайды

Сабақты қорытындылау сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді.

- Оқушылар, біз бүгін қандай пәнді бастап жатырмыз?
- Қандай тақырыппен таныстық?

- Ақпарат дегеніміз не?
- Компьютер сыныбында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек?

Оқушылар өз жұмыстарын «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды:

- Жасыл түс- маған сабақ ұнады, мен жақсы жұмыс атқардым
- Сары түс- маған сабақ ұнады, мен орташа жұмыс атқардым
- Қызыл түс — маған көмек керек

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.